

БАЛАНЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕ МЕКТЕП ПЕН ОТБАСЫНЫҢ ЫНТЫМАҚТАСУЫ**Шалғымбекова Ә.Б.**

Біздің қоғамда «баланы балалар мекемесінде тәрбиелеу қажет, бұл олардың тура және тікелей міндеті» деген пікір ұзақ уақыт бойы сақталып келді.

Егер тәрбиелеу нәтижесі оңтайлы болмаса, онда бұл жағдайда отбасы бірден оларға кінә тағар еді. Жас ұрпақты тәрбиелеу барысында жауапкершілік ең бірінші мектеп пен мұғалімдерге жүктелетінін білеміз.

Мұндай көзқарас баланы тәрбиелеудегі мектептің іс-әрекеті мен отбасы ролін бағалай келе, ата-аналардың өз балаларына жауапкершіліксіз қарауынан туындап отырғанын байқаймыз. Отбасы шешетін мәселелерді мектеп өз мойнына жиі алып отырады. Сонымен қатар оқушылардың отбасында нақты болып жатқан жағдайларының себептерін сирек біліп жатады. Олармен әр түрлі әңгімелер жүгізіп, сонымен мектеп жаңа мәселелердің пайда болуына себепші болуы мүмкін.

Мектеп пен отбасы өздерінің психологиялық статустары жағынан бір-бірлеріне қарама-қарсы келіп те жатады. Отбасында барлығы бауырмалдық пен эмоционалды байланысқа негізделген. Мектеп емес, тек отбасы ғана әлеуметтік қорғаныш мақсатында қоғам мен бала арасындағы делдал болады.

Мектептің бірнеше өзгеше функциялары бар. Ол баланың туған үйін ауыстырмау керек, ол баланы оқытуға, оның ой-өрісін кеңейтуге, өзін-өзі жетілдіруге мүмкіндік беру, оның қабілеттерінің ашылып, көрінуі үшін барлық мүмкін жағдайларды жасауы қажет. Тек мектеп қана баланы есеюге, білім алуға және дағдыларының икемделуіне көмек бере алады және беруі тиіс. Осы мектептің тәрбиелеу функциясы бала мен қоғам арасындағы делдалдықты жүзеге асыру болып табылады.

Қазіргі балалар өкінішке орай немесе қуанышқа орай субъективті және объективті күшінің себептерінен анағұрлым ерте есейіп жатыр. Мектептің жоғарғы сынып оқушыларының есеюіне байланысты ғана емес, кіші жеткіншек жастағылардың мәселелерінің факторлары да кездеседі. Қазіргі көптеген мұғалімдер 10–11 сыныптармен емес, керісінше 5–6 сыныптармен жұмыс істеу қиынға түсетінін айтады, себебі бүгінгі таңда отбасы құндылықтары да бірқатар өзгеріске ұшыраған. Бұл өте маңызды мәселелердің бірі болып табыла-

ды, өйткені ол баланың оқуына ғана емес, оның өмір сүру салтына, оның мінез-құлқына және қылықтарына әсер етеді.

Жеткіншектерде есею кезеңі әр түрлі өтеді, егер оның отбасындағы өмірі, моральды жоспарлары толыққанды болса, егер құрдастарымен қарым-қатынастары қиындық туғызбаса, онда ереже бойынша жеткіншектің ересектік өмірге өтуінде үлкен қиындықтар туындай қоймайды. Отбасы баланың жеткіншек шағында қандай роль атқаруы қажет? Қалай ата-анасы өзінің баласының есею кезеңінің өзі үшін және өзінің баласы үшін минимальды шығынмен өтуіне көмек бере алады?

Біріншіден, өз балаларын барлық мөлшерде эмоционалды қолдау. Баланы қандайда бір сандырақ мазаласа да, ересектердің ойынша бұл сандырақ қисынсыз болып көрінсе де, ата-аналар оның уайымымен бөлісіп, түсініп, қабылдап және қолдау жасау керек, себебі олар оның ата-аналары болып табылады.

Көптеген ата-аналар өз балаларын есейе бастағанына кінәлап қателіктер жібереді. «Егер де сен осындай үлкен болсаң, онда менде сенімен үлкендер сияқты сөйлесемін», – деп айтып жатады. Ата-аналардың баласын басқарамын деген талпыныстары, барлығын «қазір және өмір бақи» өз орнына қоюна тырысуы балалар мен ата-аналардың арасындағы қарым-қатынастарының күйреуіне алып келеді.

Бірінші және ең басты бала кезінде ерте қалыптасатын ата-аналардың өзінің балаларына деген сезімдері, оларға сенімділікпен қарауы және нануы, жай көзбояғыш ретінде емес, шынайы және нағыз шындыққа ұласатын болуы керек, ал оның жемісін жеткіншек жаста көре аламыз.

Баланың жеткіншек жасында жиі мектеп пен ата-аналары бірлесіп баланың қылықтарын талқылау барысында одақтастық құрады. Біздің барлығымызға мына көрініс таныс: кәмелетке толмаған істер комиссиясы отырысында ата-аналарда, мектепте бірлесіп баланы сынап, оның жанына тиетіндей сөздер айтып, әр түрлі жазалар қолданады. Бұл көбінесе немен аяқталады? Жақсы жағы – жаңа кездесу және қайта оны сынап жазалау, ал жаман жағы – жеткіншектердің ата-аналарынан бас тартып, үйден кетуі.

Өкінішке орай, көптеген ересектер, педагогтар және ата-аналары жеткіншек балалардың біреуі де бірінші сынақтардан және қателіктерден сақтандырылмағанын ұмытып кетеді, олар үшін белгісіз құмарлықтар көп, сол құмарлықтарға қол жеткізу жолдары қарапайым, өздерінің құрбы-құрдастарына қарсы тұру қиынға түседі. Отбасы мен мектептің жалпы мақсаты дәлелсіз сынақтарға тұрақты мінез-құлықты тәрбиелеу. Осыған байланысты отбасына баланың есею бойынша сұрақтарына ағарту жұмыстары салмақты және мақсатқа бағытталған мектеп даму жолының бір стратегиясы және жетістік функциялары болып табылады. Мектептің міндеті – мектеп үшін де, өзінің баласы үшін де отбасын әрі дос және әрі көмекші қылу. Яғни мектеп өзінің күш-жігерін отбасы тәрбиесін ұялатуға бағыттамай, керісінше ата-аналарға нормадан ауытқудың себептерін түсіндіріп және күрделі тұрмыстық жағдаяттың түп-негізінен өзгертуге мүмкіндік жасаған жағдайда жүзеге асырылады.

Бала тәрбиелеу мақсатты бағытталған және сана-сезімі қалыптасқан мәселесі мектептің алдында ғана тұрған басты сұрақ қана емес, сонымен қатар баланың ата-анасына да қатысты болады. Бірақ мәселені мектепте шешу түрлері мәселені отбасында шешу түрінен басқа болады. Мектептің мақсаты – бала санасында мектепті нақты әлеуметтік нысан ретінде ұялатып, оны туған үйімен салыстыруға болмайтындығын түсіндіреді. Мектептегі тәрбиелеу отбасылық тәрбиені алмастырмауы керек. Олар оны жалғастыруы керек және отбасы мектепке сенім білдіргенде ғана көмектесе алады. Бала тәрбиесі және білім сұрақтары бірінші кезекте тұратын мектеп үшін баланы қажетті біліммен қамтамасыз ету, білім тәжірибесін дамыту, өзін-өзі тануға көмектесу негізгі мақсат болып табылады. Барлық сабақтың және сабақтан тыс іс-шаралардың тәрбиелік қажеттіліктері өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тәрбиелеуге бағытталуы керек. Оқушының өз-өзін тәрбиелеуі құлықтылық тәрбиесінсіз құрыла алады ма? Әрине, жоқ. Құлықтылық тәрбие баланың барлық оқу үрдісінде қоса жүруі тиіс. Мектептің көмегімен отбасындағы бала тәрбиелеудің жағымды жақтарын көру керек, өзінің қателерін көруге үйрену, оны алдын алу және болашақтағы тәрбиелеудің нәтижелерін болжай білу. Ата-аналар педагогты көргенде жан-жақты қалыптасқан, баланы тәрбиелейтін адам деп тануы керек.

Жасөсірімнің бір ерекшелігі құлықтылық танытуды дамыту барысында оқушы құ-

лықтылық түсінушіліктер, сену, бағалық талқылау жүйесін басшылыққа алады. Бұл жаста отбасында дұрыс тәрбие алмау қаупі бар. Нақты жағдайлар туындайтын мәселелерге тоқталайық. С.Э. Карклиннің зерттеуі бойынша келтірген мысалға тоқталайық. Анар деген қызын анасы жалғыз өсіреді, әкесі қызға 3 жас болғанда отбасынан кетіп қалған. Әрқашан қызына келіп тұратын әкесіне анасы қызын қарсы қойып отырады: «Ол жаман адам, ол сені тастап кетті, сені жақсы көрмейді, тіпті онымен амандаспа да ...». Зерттеушінің жазбасында келтіргендей: «Мен Анардың анасын шақырып алдым. Оған әкесіне деген сыйлаушылықты өлтірмеу керектігін түсіндіруге тырыстым. Ол маған көзәйнегінің үстінен қарап, нақты айтты: «Мен өзім білемін. Ол жаман адам, қызым біледі. Мен оның анасымын, мен қызымды жақсы көремін, мен оны бақытты қыламын». Не мұғалім, не ата-аналар қауымдастығы анасының Анарға дұрыс тәрбие бермейтіндігін түсіндіре алмады.

«Анар – менің өмірімдегі жалғызым. Мен оған барлығын да бердім. Мен күні-түні жұмыс жасаймын. Шын мәнінде солай, Анар ағылшын тілімен айналысты, ән-саз сабақтары үшін анасы ең жақсы деген мұғалімдерді шақырды. Қыз бетінен қақпай өсірілді. Бос уақытын анасы қызына берді: Мұражайға бірге барды, фильмдер қарады, кітаптарды оқыды. Бірақ бұл тек ағымды ғана еді. Одан асқан адам жоқ сияқты. Анар қатыгез және әрқашанда оны бағындыра алмайтын қыз болып өсті. Сынпыпта оны ұнатпады. Қызының қылығы көптеген келеңсіздіктерге әкелді. Бір күні шешесі мектепке келіп, мұғалімдерге шағымын айтты: «Менің қызымды қалай тәрбиелегенсіңдер? Мен сіздер үшін шағымдануға барамын».

Әйелдің көзіне жас үйірілді. Қиын болғанмен де айтуға тура келді: «Сізге ескерту жасалды, ол туралы бірнеше рет айтылды. Сіз өз беделіңізді қоршаған ортаның беделдерінен жоғары қойғыңыз келді. Өзіңіз туралы ойламадыңыз. Анар сізді сыйламайды және жақсы көрмейді. Өйткені ол ешкімді де жақсы көрмейді және сүймейді».

Бұл мысал құлықсыз тәрбиенің жоғарғы шыңы бола алады (мұражай мен театрға барғанмен).

Жасөсірім жасында ата-аналар мұғалімдерге жиі келіп шағымданады, жақында ғана жақсы қарым-қатынаста болған бала отбасына деген көзқарасын өзгерткендігін айтады.

Бірінші кезекте ата-аналар баланы кінәлайды, оны «көзілдірік ауыстырғанын» түсінбейді: алдында оған күлкінішті, түсінікті болған басқа жағынан көріне бастады. Ата-ана махаббаты көрінбейтін, күнделікті болып кетеді, отбасы мүшелері арасында сенімділік жойылады. Әкесі мен шешесі баланың ішкі дүниесін «қарай алмағанын» білмей де қалады.

Көптеген әкелер мен шешелер қиын жағдайды түсіне отырып, педагогтардан көмек сұрайды және кеңестеріне құлақ салады. Педагогтың мақсатына анықтау ғана емес, сонымен қатар отбасының тәрбиелік потенциалын зерттеу мақсатты бағытталған болады. Оның ерекшеліктері мынадай:

- отбасының үй-тұрмыстық және материалдық қамтамасыз етілуі;
- ата-аналардың мәдени және білімділік деңгейі;
- отбасындағы моральдық-жантанушылық ахуал;
- отбасының салты мен дәстүрі;
- отбасында ұсынылатын құндылықтар мен талаптардың жүйелілігі;
- бала алдындағы ата-аналардың беделі;
- отбасындағы баланың ата-аналарына, ата-аналардың балаларына деген сенімділігі.

Сондықтан ата-аналардың педагогикалық қателіктері нақты себептерге байланысты болады, соның ішіндегі бастылары болып табылады:

- толық емес отбасы;
- отбасыдағы ұрысу ахуал жағдайы;
- тәрбиелеудің авторитарлық әдістері;
- баланы тәрбиелеудегі жалған әдістердің құрылымдануы;
- ата-ана махаббатының тым көп болуы немесе жетіспеуі;
- нақты жағдайда бала алдында ата-ананың беделінің түсуі.

Отбасының тәрбиелік потенциалын біле отырып, педагог ата-аналарға балаларының өсуіндегі қиындық туғызатын мәселелерге көмегін тигізе алады. Ол үшін:

1. Нақты мәселені шешудегі түсінушілігіне ата-аналарға көмектесу.
2. Мәселеге қатысты жалған көзқарастарын дәлелді түрде анықтап беріп көрсету.
3. Туындаған мәселе бойынша нақты ұсыныстар беру.
4. Туындаған мәселені шешу бойынша бақылауды ойластыру және ұйымдастыру.

5. Ата-анамен балаға көмек беру, мәселелік жағдайдан шығуға қолдау жасау.

6. Балаға қатысты отбасылық жағымсыз жақтарды жағымды жақтарға ауыстыруға көмектесу.

Сынып жетекшісінің оқушыға құлықтылық тәрбие беру үшін ол оның отбасымен тығыз байланыста болуы тиіс. Сынып жетекші өз күшін отбасындағы балаға тәрбие беру негіздерін түсіндіру үшін жұмылдыруы керек. Педагог пен ата-ана құлықты норманы қолданбай қоғам азаматы болатын адамды тәрбиелей алмайтындығын түсіну керек.

Отбасындағы құлықтылықты тәрбие беру жұмыстарын ұйымдастыра отырып, ата-аналарға ағартушылық жұмыстарды көбірек жүргізу керектігін түсінуі тиіс. Оған отбасының салты мен дәстүрі құрылып бекітілетін келесі заңдар жатады.

Отбасы заңдары.

Отбасы заңы 1. Отбасыда өмір сүретін бала ештеңеге де қарамастан сүйікті болуы керек.

Мұндай сезімнен арылған адам өз туысқандарын, жақындарын, Отанын сыйламайды. Отбасыдағы махабат пен жүректік байланыс атмосферасы, отбасы мүшелерінің бір-біріне деген қамқорлығы бала психикасына үлкен әсер тигізеді және бала сезімінің қалыптасуына үлкен қолғабыс береді, олардың құлықтылық қажеттіліктері қалыптасады.

Отбасы заңы 2. Әр бала шынайылық пен мейірімділік атмосферасында өмір сүруі тиіс.

Кейде ата-аналар өмірдің ұсынған жағдайларында әр түрлі жалған қылықтарға сүйенеді және оны көптеген қиындықтан алып шығатын бағдар ретінде көреді. Ашылып қалған жалған қалыптасқан өмір тәртібін бұзады. Әр өтірікке бала тез үйреніп алып, оны анықтап алғаннан кейін ұялады, күдікке алады. Егер балаға айтатын хабарламаны нақты және жалғансыз айтқан дұрыс, өйткені кейін өтірік ашылып қалғанда шекараны белгілей алмай қалуы мүмкін. Айтпауға тура келетін сөздерді ата-аналар арнайы үйретуі керек: «Мұны саған білу әлі ерте», «Бұны сен бәрібір де түсінбейсің». Мұндай жауаптар баланың көңілін толтырмай, одан әрі қызығушылық танытады. Сұрақтарға былай жауап берген дұрыс саналады: «Мен саған айтуға құқылы емеспін. Әр адам құпия сақтай алуы керек және біреудің құпиясын білуге ұмтылу жаман қылық болып танылады». Осы әдіспен туралық пен шы-

найылық бұзылмайды және борыштылық, тәртіптілік сабағы беріледі.

Отбасы заңы 3. Баланың түсіндірушілік пен талқылау құқығы бар.

Сөз тәрбиелеу үшін, ол тәрбиеленушінің санасында жанында орын қалдыруы тиіс, сондықтан сөз мағынасын түсіну үшін үйрету керек. Сонда ғана көңіл-күй қатынасына қолдау аламыз.

Ата-аналар нақты фактілерден, оқиғалардан, құбылыстардан түсіну қағидасына уақытында өтуі керек. Жасөспірімдер талқылағанды жақсы көреді, бірақ ата-аналар жиі олардың ақыл тоқтатпағанын көрсетіп сөзден кесіп отырады. Бірақ осы талқылау барысында жасөспірімдер өздерінің негіздерін түсіне алады.

Бала қалай дұрыс сөйлеген болады? Сондықтан бала не сөйлейтінін алдын ала ойластыруы керек және оны тиімді жеткізуі жолдарын анықтауы тиіс.

Біріншіден, балаға бізсіз-ақ жақсы түсінетіні туралы айтпауы керек.

Екіншіден, сөйлегенде сөз мәнеріне көңіл бөлу. Өйткені отбасыда араласу коммуникативті мәдениетке тәрбиелейді.

Үшіншіден, әңгіме барысында сіз қандай нәтиже күтетіңізді анықтауыңыз тиіс. Мазмұны, сөйлеу мәнері, өтетін орын – бұның бәрі де маңызды. Сөзбен айтқанда біз көндіреміз, бірақ көндіру оны іске асырудан бола алмайды. Тәрбиеші, мұғалім, ата-ананың шеберлігі болып баламен сөйлескенде оның өз ойынан орын алып, өзін-өзі тәрбиелеуге белсенді қатысуына жауаптылығы.

Әр жастағы баланы әрқилы көндіруге болады. Кіші буындағы оқушылар өмірден, кітаптан алынған мысалдармен көндіруді талап етсе, жасөспірімдерді үлкендердің сөзіне деген сенім көндіреді.

Отбасы заңы 4. Отбасы өмірін ұйымдастыру ережелерінен баланы жазалаудың мораль мен адамгершілікке қайшы тәсілдерін алып тастау.

В.А. Сухомлинский жазалауды әсер етудің шекті түрі деп санайды. Жазалау өз әрекеті, адамдарға деген қатынасы жайлы ойлауға мүмкіндік жасағанда ғана тәрбиелік күшке ие болады. Бірақ жазалау адамға деген сенімсіздікті көрсетпеу және намысын қорламау керек.

Көптеген педагогтар принциптерінің үлкен нәтижесі туралы айтып жатады. Оның тәрбиелік күші тәрбиені моральды сапаларына, әдебіне байланысты. Баланы ренжітпей оның әрекеттеріне мүмкін қатаң, бірақ әділ

баға беруі керек. Ұрысу негізгі қаталдық пен мейрімділіктің қисынында сәйкестілігі. Баланың ұрысуынан қаталдықты ғана емес, сөзіне қамқорлықты да сезгені жөн.

Отбасы заңы 5. Баланың «болады», керек, «болмайды» сөздерін түсіну заңы.

Тәрбиеленудегі аса маңызды әдіске В.А. Сухомлинский тыйым салуды жатқызған. Ол тәрбиедегі көптеген кемшіліктердің алдын алады, балаларды өз қалауларына саналы қарауға үйретеді. Балалар мен жасөспірімдердің қалаулары көп, бірақ олардың барлығын орындай берсе, онда бала өте мазақ болып өседі.

Балаларды тәрбиелеу-ақылды және сенімді, сезімтал және аяусыз бағбан-тәрбиенің қиын жұмысы.

Адамды кішкентай кезінен өз қалауларын басқаруға «болады», «керек», «болмайды» түсініктеріне дұрыс қарауға үйрету керек.

В.А. Сухомлинский өз кітаптарында былай дейді бұйрық беру және тыйым салу, оңайлықпен беріле қоймайды. Бірақ бақытты отбасыларда ол үнемі болады.

Отбасы заңы 6. Отбасы дәстүрлерінде оң эмоциялар мен сезімдер болуы керек.

Бүгінде біз баланың сезімін тәрбиелеудің маңыздылығын айтамыз. Мұнымен отбасында да, мектепте де айналысу қажет. Бұл әдейі сәйкес жағдаятты тудырып немесе шынайы жағдайды пайдаланып, сөзбен немесе әрекеттермен уайымдауды тудыру, сезімдерді ояту.

Эмоционалды жағдаяттың тәрбиелеу тәсілі ретінде маңызы мынада: қандай да бір жағдайға, қылыққа байланысты адам басқаның уайымын сезеді және оларға өз уайымымен жауап қайтарады. Бұл сезімдерді тек шынайы уайыммен ғана бастауға болады.

Отбасы заңы 7. Ата-аналар балаларына өздерінің жұмысқа жарамаулығын және онымен байланысты жақсылықтарды көрсетулері керек.

Бала отбасының барлық мүшелері еңбектенетінін, еңбек-жаза емес, өз өміріңді жақсарту мүмкіндігі екенін көруі керек.

Үлкендердің жұмыстарын бақылай отырып, бала оны ойында имитациялай бастайды, ал содан кейін еңбек үрдісінде көмекші ретінде қосылады да, ең соңында өз бетімен де еңбек етеді.

Отбасы заңы 8. Отбасында жақсы әдістерді қалыптастыру.

Балаға көп тамақ ішуге болмайтынын ылғи айта отырып, оның көзінше көп тамақ ішуге болады. Темекі шегудің адам ағзасына

зиян екенін айта тұрып, қоймастан темекі шегуге болады. Мұндай мысалдар еліктеу және өмірде белсенді қолдану модель.

Баланың өмірінен қосымша заттарды алып тастау қажет: ақшаның көптігін, көп тәттіні, табакты, алкогольді ретсіз пайдалану.

Отбасы заңы 9. Баланың адамгершілігі мол адамдармен қарым-қатынасының жағдайын жасау.

Бала адамгершілігі мол болып өсуі үшін, оны мораль, адамгершілік деген қасиеті жоқ адамдардан мүмкіндігінше аулақ ұстау керек. Имитация инстинктіні баланы қоршаған адамдардың әрекеттерімен қылықтарын қайталауға мәжбүрлейді.

Жасқа қарай баланың өзінің моральды көзқарастары қалыптасады да, ол қоршаған адамдардың қылықтары мен әрекеттерін бағалай алады. Сондықтан баланы жақсы көрсететін ересектер оған жақсылық тілейді, оған моральсіз қылықтардың үлгісін көрсетпеу үшін оның әрбір қадамын бақылаулары керек.

Отбасы заңы 10. Ата-аналар өздерінің қарым-қатынастарының сұлулығын көрсету керек.

Ата-аналардың отбасы қарым-қатынасына көңіл бөлулері керек. Осыған байланысты ата-аналар баланы физикалық тұрғыдан көп еркелететін өте сезімтал мешендік махаббаттан қорғанулары керек: балалардың алдарына өздерінің өзара махаббаттары көрінісін қадағалаулары керек; ересектер бір-бірін жақсы көретінін көрсете алатын моральды дәстүрлер мен әдеттерді қалыптастыруы тиіс.

Резюме

В данной статье раскрываются некоторые характеристики и законы семейного воспитания, а также формы сотрудничества школы и семьи.

Conclusion

The article deals with some characteristics and principles of family education, forms of school and family collaboration.

ИСЛАМ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ ҰЙЫМЫ: МІНДЕТІ МЕН МАҚСАТЫ

Шаукенов Ж.А.

Биылғы жылдың екінші жартысынан бастап Қазақстан Республикасы ең ірі халықаралық ұйымдардың бірі – Ислам Конференциясы Ұйымына (ИКҰ) төрағалық жұмысын атқарып келеді. Жыл өткен сайын Ұйымға қатысушы елдердің қатары көбейе түсуде. Бүгінде оған Азия, Африка, Еуропа және Латын Америкасындағы елу жеті мемлекет мүше. Ұйымның жиындарына бес мемлекет және бес халықаралық ұйым байқаушы ретінде тұрақты қатысып келеді. Сондай-ақ, ИКҰ Біріккен Ұлттар Ұйымынан кейінгі ірі халықаралық саяси ұйым болып табылады.

Өзге де халықаралық ұйымдар сияқты Ислам Конференциясы Ұйымының ең жоғары органы Ұйымға мүше мемлекеттердің корольдері мен мемлекеттер басшылары және үкіметтер басшыларының қатысуымен өтетін жоғары деңгейдегі Ислам (ИКҰ) саммиті болып табылады. Саммитте Ұйымның Жарғысына сәйкес күн тәртібіне қойылған мәселелер талқыланып, соған байланысты саяси шешімдер қабылданады. Сонымен қатар, қатысушы елдердің және Умmanın (барлық мұсылман қауымы) мүддесін көздейтін басқа да өзекті мәселелерін қарастырады. Саммит әр үш жыл-

да мүше мемлекеттердің бірінде шақырылады. Оған қажетті барлық ішараларды және күн тәртібін дайындауды Ұйымның Бас хатшылығының көмегімен Сыртқы істер министрлерінің кеңесі жүзеге асырады.

Ал Ұйымның төтенше сессиясын Умма талап еткен жағдайда, дәлірек айтқанда, Умма мүддесі үшін өмірлік ерекше маңызы бар мәселелерді қабылдау қажет болса және Ұйымның саясатын үйлестіру мәселелері туындаса, кез-келген уақытта шақыруға болады. Бұдан бөлек төтенше сессия Сыртқы істер министрлері кеңесінің ұсынысымен немесе Бас хатшының, сондай-ақ Ұйымға мүше мемлекеттердің көпшілігі қолдау көрсетуі қажет.

Ұйымға мүше мемлекеттер Сыртқы істер министрлері Кеңесінің қызмет ауқымы да кең. Кеңес негізінен бірқатар бағыттар бойынша Ұйымның жалпы саясатының әдіс-тәсілдерін жүзеге асыру жұмыстарымен айналысады. Мысалы, Ұйымның саясаты мен мақсаттарының орындалуына ықпал ететін шешімдер мен қаулыларды қабылдау мәселелерін, Ислам саммиттері мен Сыртқы істер министрлері кеңестерінде қабылданған құжаттардың жүзеге асырылу барысын қарастыра-